

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы
ХАТТАМА № 3

«17» наурыз, 2023 ж.

Төрайымы: Калдина Зауре Асенгалиевна

Хатшы: Жұмахметова Т.Ж.

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Калдина Сауле Асенгалиевна – қамқоршылық кеңесінің төрайымы
 2. Ұлжабаева Анар Расуловна – мүшесі
 3. Агедиллов Марат Амерханович - мүшесі
 4. Машихина Вера Васильевна-мүшесі
 5. Токмурзина Несібелі Меккеқызы – мүшесі
 6. Шатыбаев Манарбек Умирзакович – мүшесі
 7. Доскалиева Жазира Оралбаевна – мүшесі
 8. Бөлекеева Назерке Сазановна – мүшесі
 9. Иманбаева Мадина Есимбековна – мүшесі
- Шақыруымен: Мектеп директоры: О.И. Бегжанов

Күн тәртібінде:

1. Наурыз мерекелік іс-шараға қатысу
2. Мектептің ауласын көгаландыру, абаттандыру шараларына қолдау көрсету.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жетруова Г.К. сөз алды. Наурыз мерекесіне орай мектепте «Наурыз той- мереке, салт дәстүрім-береке» атты апталық ұйымдастырылуда. Апталық шеңберінде әр класта ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Сонымен бірге әр шаңырақ қауымдастығы ұлттық салт дәстүрді насихаттау мақсатында көрісу күнін, бата беру күнін, сарқыт салты күнін, ұлтты тағамдар күнін, ұлттық ойындар күнін, колөнер – шеберлер күнін ұйымдастырды. Ата-аналар комитетінің үздік марафонының жоспарына сәйкес «Салт дәстүрім – таусылмайтын байлығым» атты қойылымдар байқауын ұйымдастыру жоспарлануда. Әр шаңырақ қауымдастығының ата-аналары осы байқауға белсене қатысуда. Соған орай біз қатысушыларға спонсорлық көмек көрсетуіміз қажет.

Кеңес мүшесі Ұлжабаева А.Р сөз кезегін алды: Әрине біз көмекке дайынбыз. Осы ауылдың әр дүкені бір бір сертификат табыстайық. Яғни осы сертификат алған адам біздің дүкендерден белгілі бір суммада сауда жасауларына болады.

Кеңес мүшесі: Иманбаева М.Е. сөз алды: Мен келісемін. Өте жақсы идея.

2.Екінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Калдина З.А. сөз алды. Мектептің ауласын көгаландыру, абаттандыру шараларына қолдау көрсету керек. Сәуір айынан бастап екі айлық тазалық жасау жұмыстары өтеді. Осы кезде тек қана мектеп ұжымы емес біз де өз тарапымыздан қолдау көрсетіп, тазалық